



МҰРАТ- ҚАЗАЛЫ



№71
(2136)
Сенбі
12 тамыз
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ОБЛЫС ӘКІМІ ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ



Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Парламенті Сенатының депутаттары: Ақмарал Әлназарова, Руслан Рүстемов және Мәжіліс депутаты Мұрат Ергешбаев пен облыстық мәслихаттың төрағасы Наурызбай Байқадамовпен бірге Қазалы ауданындағы

бірқатар әлеуметтік нысандардың құрылысымен танысты. Алдымен Нұрлыбек Машбекұлы аудан орталығы Әйтеке би кентіндегі 250 орындық мектептің құрылыс алаңына барды. Мердігер мекеме «SCS инжиниринг» ЖШС жұмысты қазан айын-

да аяқтайды деп жоспарлануда. Аймақ басшысы аталған мердігер компанияның тек осы мектеп ғана емес, облыстағы бірнеше нысан құрылысын кешіктіргенін сынға алды. Халық игілігіне бағытталған жауапты жұмысты мерзімінде, сапалы етіп аяқтау - мердігердің міндеті. Осыны ескерткен облыс әкімі сыннан қортынды шығару керектігін айтты. Жоба құны 1 млрд. теңгеден астам.

Айта кетейік, биыл ауданда апатты жағдайда деп танылған 1 мектептің мәселесі шешілді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Жанқожа батыр аулынан 300 орындық мектеп бой көтермек. Мұнан бөлек, ұлттық жоба аясында кент пен қала ортасынан 600 орындық білім ошағының іргетасы қаланады.

Әрі қарай аймақ басшысы Әйтеке би кентіндегі 600 орындық мәдениет үйінің құрылысымен танысты. Бас мердігер «Қаз Құрылыс Сервис» ЖШС нысанды биыл қыркүйек айында пайдалануға бермек. Мұнда 80 адам жұмыспен қамтылған. Бұл нысанның құрылысы да бірнеше жылға созылған. Өңір басшысы мердігер мекеменің жауапсыздығы халыққа қажетті құрылыстардың мерзімінде аяқталуына кедергі келтірмеуі тиіс екенін қатаң ескертті. Биыл «Кәукей» аулындағы 100 орындық клуб іске қосылады. Ал «Бірлік», «Майдакөл», «Шәкен» ауылдарынан 100 орындық клуб құрылысын салу үшін тиісті құжаттар әзірленді.

Аймақ басшысы сапар барысында «Әйтеке би-Қазалы» аудандық маңызы бар автокөлік жолындағы қайта жаңғырту жұмыстарын көрді. Бас мердігер - «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС жолды 4 жолақ етіп кеңейтіп, 2 темірбетон көпірмен 2 су өткізгіш құбырды қайта жаңартады. Мұнан бөлек, жол бойына жарықшамдар мен аялдамалар орнатады. Бұл жұмыстар 2020 жылдың тамыз айында басталып, өткен жылы аяқталуы тиіс болатын. Уақытында бітпеуіне байланысты сот шешімі шығып, қазір мердігер мекемеге мәжбүрлеп орындау міндеттелді. Нұрлыбек Машбекұлы жұмыс

сапасын қадағалауды, тез арада аяқтауды тапсырды.

Айта кетейік, биыл Қазалыдағы аудандық маңызы бар 4 автокөлік жолын орташа жөндеуге және 1 жолды қайта жаңғыртуға бюджеттен 1,2 млрд. теңге қаржы қаралған. Әйтекебимен Қазалы қаласы аралығындағы қайта жаңғырту жұмыстары биыл аяқталады деп жоспарлануда. Әйтеке би кентіндегі Жанқожа батыр және Әйтеке би көшелерін қайта жаңғыртуды бастауға мемлекеттік сатып алу конкурстары өткізіліп, мердігер мекемемен келісімшарт жасалды. Мұнан бөлек, Әйтеке би кентінің 14 көшесі, Қазалы қаласының 15 көшесі, Ү.Түктібаев елді мекенінің 6 көшесі және Ғ.Мұратбаев аулының 1 көшесін жөндеу жұмыстарына қаражат бөлінді.

Мұнан әрі облыс әкімі Абай аулындағы дәрігерлік амбулаторияның құрылыс барысымен танысты. Мердігер мекеме «Аман-Құрылыс» ЖШС жұмысты шілде айында бастаған, қазан айында аяқтайды деп жоспарлануда. Айта кетейік, мұндай амбулаториялар «Бозкөл», «Кәукей» елді мекендерінде де салынбақ.

Аудандық аурухана ғимаратына жапсарлас 46 төсектік қосымша құрылыстың (МРТ бөлімі, кардиология және инсульт орталығы) жоба-сметалық құжаттары дайындалып, мемлекеттік сараптамадан өтуде. Мұнан бөлек, 25 төсектік инфекциялық корпус құрылысының жоба-сметалық құжаттары да әзірленуде. Бұрынғы емхана (қазіргі Жетес би дәрігерлік амбулаториясы) және Ұлттық сараптама орталығы Қызылорда облысы бойынша филиалының Қазалы аудандық бөлімшесі ғимараттарына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Сапар соңында Нұрлыбек Нәлібаев «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Қ.Пірімов аулындағы №92 мектептің күрделі жөндеу жұмыстарымен танысты. Мектеп жаңа оқу жылында шәкірттерді қарсы алуға дайын болады.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

АБАЙДЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ТУРАЛЫ АЙТҚАНЫ

Абай: "Ғылым-Алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақылық һәм адамдық дүр",-дейді өзінің отыз сегізінші қара сөзінде. Ұлтымыздың бас кітабы Ұлттық Энциклопедия:

"Ғылым-адамның табиғат пен қоғам туралы объективті білімін қалыптастыруға мүмкіндік беретін танымның ең жоғарғы пішімі",-дей келіп:"Ғылымның басты мақсаты-ғылым заңдарының негізінде ашылып отырған болмыс құбылысымен процесін болжау, түсіндіру және жүйелеп мазмұндап беру",-деп жазады. Абай ғылымды Алланың ғылымы және адамның ғылымы деп екіге бөле отырып: "Адамның ғылымы, білімі, хақиқатқа,растыққа құмарлық болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтық бірлән табылады",-дейді. Энциклопедия ғылымды болмыс құбылысы мен процесін болжау, түсіндіру, жүйелеу десе, Абай ғылымды әр нәрсенің түбін, хикметін, яғни себебін білмек,-деп түсіндіреді. Ал, ғаламдық үйлесімділікті терең де нәзік түсінген Абай: "Жаратушы бір Алла бүкіл ғаламды қандай құдірет үйлесімділікпен жаратқан, еш адам ұғылының ақылы жетпейді",-деп таң қалады (38-қара сөз). Абайдың қазіргі ғалымдардан басты ерекшелігі, ол-бүкіл ғаламдық үйлесімділікті жан-жақты терең сезіне білуінде. Барлық жайдан ғылымды жоғары қойған Абай, ғылымның түрлеріне кеңінен тоқталып, оларды жан-жақты жүйелемесе де, 32-қара сөзінде білім-ғылым үйренгісі келетін талапкерлерге өзінің ақыл-кеңесін береді. Оқып отырып, 32-қара сөзді жазған адамның ғылыммен кәсіби түрде айналысқанына титтей де күмәніңіз қалмайды.

Білім-ғылым үйренбекке та-

лап қылушыларға әуел білмек керек,-деп басталатын Абайдың 32-қара сөзін қарапайым тілде қысқаша жүйелесек, Абай былай дейді:

Бірінші-Ғылымды әйтеуір бір керек болып қалар деген есеппен үйренбе. Ол үшін ғылымға шын махаббатпен құмар болып, білуді анық мақсат етіп, білмеген нәрсеңді білгеннен көңілің рахат алып, енді тағы да біле түссем екен деген ойдан ғылымға деген сүйіспеншілік-махаббатың жоғарылай түседі. Сонда ғана әрбір естіген, көргеніңді анық ұғып, оны өз суретімен ішке жайғастырасың. Көңілің өзге нәрседе болып, ғылымды оған себеп қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңілдің мейірімі шала болады. Шала мейір шала байқайды.

Екінші-Ғылымды ақиқат мақсатпен, білмек үшін үйрену керек.Бақастық яғни бақталастық үшін үйренбе. Азырақ бақастық өзінді өзің пысықтау үшін керек те шығар. Көбірек бақастық, бақталастық адамды бұзады. Себебі, бақталас адам-ақиқат үшін бақталас болмайды. Жеңбек үшін бақталас болады. Ондай бақталастық күншілдікті зорайтып, адамгершілікті азайтады. Ондайлар ғылымды мақсат етпейді. Бақталастық яки Абай тілімен айтқанда бақастық ғылым жолындағы адамдарға жат емес. Бірақ оған берілу адамды өзімшіл, менмен етіп, мақтаншаққа айналдырады. Ондай адамдар өсектен де, өтіріктен де, ұрыс-төбелестен де бойын аулақ ұстамайды.

Үшінші-Ақиқатыңмен, бар болмысыңмен көзің жетсе, одан еш уақытта бас тартпа, өлсең айрылма. Өзің көзің жетпеген нәрсеге өзгенің көзін қалай жеткізбексің?

Төртінші-Білім-ғылымды

көбейту үшін адам бойында ойласып, пікір алысатын, екінші, ол пікірді сақтап қорғайтын екі түрлі қуатты қасиет болу керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды.

Бесінші-Ақылға кесел нәрселерден сақ болған жөн. Естіген нәрсені ұмытпасқа төрт түрлі себеп бар.

1.Көкірегі байлаулы берік болу керек.

2.Сол нәрсені естігенде я көргенде бірдемеге үлгі етіп,ұқсатып, бар ынтамен ұғу керек.

3.Бірнеше рет қайталап, көңілге бекіту керек.

4.Ой кеселді нәрселерден қашық болу керек.Ол кеселді нәрселер:

салғырттық, уайымсыздық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, болмаса бір нәрсеге құмарлану, бұл төрт нәрсе ақыл мен ғылымды тоздыратын нәрселер. (31-қара сөз) [1.173-174-беттер]

Адам бойындағы кеселді нәрселердің ең жағымсызы, Абайдың пікірінше, ол-уайымсыз-салғырттық.

Салғырттық - құдайдың да,елдің де, үлгінің де,ақылдың да, ардың да қас дұшпаны. Ол бар жерде бұлар болмайды-дейді ғұлама Абай.

Алтыншы-Ғылымды, ақылды сақтайтын мінез деген сауыт бар. Сол мінез бұзылмасын. Ол үшін көрсеқызарлық пен біреудің орынсыз мінезіне, я сөзіне немесе кез-келген қызыққа еріп кеткіш мінездің тұрлаусыздығынан аулақ болған жөн. Олай болмаған жағдайда мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ. Мінезде арды, ақылды сақтарлық қайраты бар болсын.Бұл ақыл үшін, ар үшін болсын,-деп аяқтайды хәкім Абай өзінің 32-қара сөзін.

Меніңше, ғылым жолына түскен әрбір жас Абайдың дәл осы 32-қара сөзін терең түсініп,біліп қана қоймай, оны өмірлік ұстанымға айналдыруға тиіс деп ойлаймын.Абай ғылым үйренуші талапкерлер үшін моральдық-философия тұрғысындағы адамгершілік пен биік рухани қарым-қатынас-этика мәселесін басты орынға шығарған. "Ғылымсыз ахиретте жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан руза, қылған қаж ешбір ғибадат орнына бармайды",-деген Абай (10-қара сөз) білім мен ғылымды жан-тәнімен, жанталас қимыл үстіндегі ой арпалысымен насихаттады. Неге? Себебі, ендігі заман білім мен ғылым заманы екенін, білім-ғылым кімнің қолында болса, бақ та, береке де, билік те соның қолында болатынын Абай басқалардан тез болжады, терең түсінді. Сондықтан да ол білім мен ғылымды бар болмысымен, жан-тәнімен насихаттады һәм оны бар жайдан биік қойды.

XXI-ғасыр ғылым мен білім ғасыры. Сондықтанда келер ұрпаққа Абайдың ғылым мен білім туралы айтылған қара сөздерін бағдаршам етіп ұстағаны жөн. «Бала балқытылған алтын»деген ғұламалардың қанатты сөзі ойға оралады. Балаға қандай бағыт берсең, солай өседі. Болашақ ұрпақтың бойынан жақсы, ізгілік қасиеттердің болуына, олардың жан-жақты дамуына, рухани бай тұлға қалыптасуына үлес қоссақ екен. Еліміздің болашақта көркейіп өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінетінін ұмытпағанымыз жөн.

Гүлшаһар ӘЙМІШОВА,
№276 орта мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

МЕНИҢ АУЫЛЫМ-ҚЫЗЫЛЖАР

Туған өлке әрбір жан үшін өте ыстық. Балалық шағы өткен ауылды кім-кімде жырақта жүріп сағынары сөзсіз. Менің туып – өсіп, кіндік-қаным тамған ауылым Қызылжар Қызылорда облысы, Арал ауданынан 120 шақырым қашықтықта Сырдария өзенінің сол жағалауында орналасқан. Іргесі 1930 жылдың басында қаланып, 1932-1997 жылдары балық кәсіпшілігімен айналысатын «Райым» ұжымшарының



орталығы болған. Оның негізінде «Қызылжар» және көршілес «Шөмішкөл» ауылдарында «Райым» ЖШС және бірнеше шаруа қожалықтары құрылды. Ауыл жайлы деректерді

сұрастыра келе ауылға басшы болған Қосымов Уәйіс, Қызылбаев Тәңкіш, Үмбетов Иса, Байбосынов Сексенбай сынды азаматтар екенін білдік.

Ауыл адамдарының айтуынша ауыл атының Қызылжар атануының себебі бар екен. Жоғарыда айтып өткендей Сырдарияның күнгей беткейінде орналасқандықтан, яғни күн батар кезде сәулесі дарияның жағасындағы тік жарларға қызғылт шуағын шашып тұрады екен. Сондықтан біздің ауыл «Қызылжар» аталып кеткен. Аулымыздың перзенттері

өнерге, еңбекке, білімге өте құштар жандар. Елімізге белгілі өнерлі адамдардың бірқатары осы ауылдан түлеп ұшқан. Содан болар Арал ауданына қарасты бұл ауылды көптеген адамдар «өнерлі ауыл» ретінде біледі.

Еске алсам өткеніңді Қызылжарым, Күндерің бірі бұлдыр, бірі сағым.

Атыңды «Қызылжар» деп қойған екен,

Дарияның күнгей беткі биік жарын,- деп ақын-жазушыларымыз өлеңдеріне қосып жырлаған өнерлі де өнегелі ауыл.

Ұлпан ІБІРАШ,
«Тұран-Қазалы»

ШЫЛЫМҚОРЛЫҚТЫҢ МӘЖБҮРЛІ ТҮРІ

(Жалғасы. Басы газеттің №68-санында)

Пассивті темекі шегушілік жайлы мифтер:

Пассивті темекі шегушілік, темекіні тастаған адамдар үшін аса қауіпті. Темекі түтінімен тыныстаған мұндай адамдарда никотинге деген тәуелділік механизмі қайтадан күш алып кетуі мүмкін, қайтадан темекі шегушіліктің белсенді түріне өтіп кетуі мүмкін. Осыған байланысты, бұрынғы белсенді темекі шегушілер, темекі түтінінен іргелерін аулаққа салып жүргендері дұрыс. Белсенді немесе пассивті темекі шегудің қауіптілігін тереңнен түсіне келе, темекі шегуді жалғастыру – нағыз бассыздық. Ақылды да, парасатты бол, ең бастысы желкілдеп өсіп келе жатқан өздеріңіздің ұрпақтарыңыздың болашағын ойлағандарыңыз абзал. Сонымен мифтер:

Миф 1 - пассивті темекі шегушілік, басқа адамдар үшін қауіпті емес.

Медициналық тұрғыдан алып қарағанда, бұл - әрине нон-сенс. Бұған дейін, пассивті темекі шегушіліктің адам денсаулығына еш зиянсыз екендігі туралы жазылған көптеген «ғылыми» дәлелдер жиналған. Бірақ мұндай мақалалар өте ескірген материалдарға негізделген немесе бұл мақалаларға, темекі компаниялары демеушілік жасаған болып шығады.

Миф 2 - заманауи желдету, ауаны темекі түтінінен толықтай тазартады. Көптеген заманауи қуатты желдету жүйелері, темекі шекпейтіндерді темекі түтінінен жан-жақты қорғай алады деп санайды. Иә, технологияның дамуы бір орнында тұрмайды, бірақ, тіпті ең қуатты деген желдету жүйесі түтіннің құрамындағы зиянды заттарды емес, иісті ғана жоя алады. Сонымен қатар, түтіннің көп бөлігі отырған бөлмелерде шөгіп қалады, кейіннен олардың барлығы киімге, адамның шаштарына, тіпті тұсқағаздың өзіне де сіңеді. Мұндай жағдайда, жай ғана бөлмені желдетудің қажеттілігі болмай да қалады.

Миф 3 – Өз еркімен таңдау түсінігі. Бұл тұжырымдама темекі шегушіліктен зардап шегетін адамдар пайызының төмендеуіне әкеледі деп түсіндіріледі. Өйткені, темекі шегетін адам, қоғамдық және жұмыс орындарында темекі шегуден, өз еркімен бас тарта алады. Бірақ бұл медалдың бір жағы ғана. Бұл тұжырымдамада басқа да

ақпарат бар. Соған сәйкес, кез келген адам темекіні тастамауға да құқылы. Оның бер жағында, темекі шекпейтін адам, шылымшегетін адамның қалауын шыдамдылықпен орайластырып, қолдан келгенше ыңғайлы жағдай жасауы керек. Өкінішке орай, темекі шегуді өз еркімен саналы түрде тастайтындардың 5 пайыздан да аз екендігі, басы ашылған фактілер. Көп жағдайда, олардың көпшілігі никотинге деген физикалық және психикалық тәуелділіктен «ат құйрығын кесісіп, кете алмай» темекі шегушілікті қайтадан жалғастыруға мәжбүр болады. Осылайша, темекіге әуес емес адамдар арасындағы пассивті темекі шегушілік те, сол қалпында қалып кетеді.

Миф 4 - Қоғамдық орындарда темекі шегуге тыйым салу ештеңені өзгертпейді. Әңгіме «темекі түтінісіз аймақтар тұжырымдамасы» туралы. Оның мәні – белгілі. Бір жерлерде - жұмыста, тағы бір жерлерде - мейрамханаларда, қайсыбір елдерде саябақтарда темекі шегуге тыйым салу. Көптеген адамдар бұл тұжырымдаманы дұшпандықпен қабылдады. Темекі шегуге тыйым салу, ешқандай оң нәтиже бермейді деп, сендіруге тырысып бақты. Бірақ тұжырымдаманың тиімділігінің алғашқы нәтижелері шыққан Жапония, Жаңа Зеландия мен Норвегиядағы, бұрын темекі шегуге рұқсат етілген мекемелердегі жұмысшылардың денсаулығы күрт жақсарды. Осыған орай, тұжырымдаманың тиімділігіне күмән тудыруы мүмкін барлық қауіптер еленбей қалды.

Миф 5 – мейрамханаларға темекі шегуге тыйым салынса, кәсіпкерліктің бұл саласы банкротқа ұшырайды.

Шылым шегуге тыйым салынатын болса, барлық барлар, пабтар мен мейрамханалар күнделікті түсіп тұрған табысынан күрт айырылады деген «қорқыныш» айтылды. Шындығында, мұндай қорқыныштың қарасы да көрінбеді. Канада, Ирландия, Италия және басқа да өркениетті елдердің тәжірибесі көрсеткендей, темекі шегуге тыйым салынған мекеме қожайындарының шығынға батпағанын, тіпті кейбіреулері табыстарының арттырылғанын көрсетті. Бұл жайлар негізінен - қоғамдық демалыс, тамақтандыру орындарына темекі тартпай-

тындардан тұратын жаңа клиенттердің ағынымен байланысты еді. Бұлар үшін, әлгіндей демалыс орындарында дем алып, көңіл көтеру «түтін экранында» отырудың кесірінен мүмкін болмағанды.

Осы сынды әңгімелердің «қазаны», өз елімізде де бұрқылдап қайнап жататыны жасырын емес. Мұндайда көбісінің айта-тыны: темекі шегуге тыйым салу адамның, атап айтқанда, шылым шегушінің өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру құқығын тікелей бұзу деп келтіреді. Бірақ мұндай аргументтердің салмағы тым жеңіл. Өйткені, салауатты өмір салтын ұстанатындарға қарағанда, еліміздегі темекі тартатындардың саны салыстырмалы жағдайда әлдеқайда аз. Оның үстіне, темекі шегетіндердің көпшілігі темекіге деген тәуелділіктен арылуға барынша тырысып келеді. Осы бағытта тұрғындар арасында санитарлық ағарту жұмыстары жүргізіліп келеді. Дегенмен, жаңадан қосылып жатқан шылымқорлардың есебінен, өздерінің қатарын күн сайын толықтырып жатқан шылым шегетін адамның үнемі болуы, бұл тапсырманы жеңуге әзірге мүмкіндік бермей келеді.

Ең бастысы, адамның салауатты қоршаған ортаға және таза ауада отырып дем алу құқығы, шылымқорлардың қоғамдық орындарда темекі шегу құқығынан әлдеқайда құрметті екенін әрбір адамның түйсігімен түсінгені маңызды. Еліміздің Ата заңындағы Еркін аймақтар туралы жазылған осындай заңдар, адам құқықтарының бұзылмауын қамтамасыз ететін басты құжат болып табылады. Сондықтан, құрметті оқырман, егер сіз темекі шегетін болсаңыз, айналаңыздағы адамдармен сыпайы болыңыз және көпшілік жиналған жерлерде үлкен-кішінің көзінше темекі шекпеуге тырысыңыз. Ең жақсысы, көпшілікпен бас қосқан жерде, ешкім қарсы емес пе деп сұрасаңыз, бұл баға жетпес сыпайылық болып табылмақ. Өйткені, әрбір адамның денсаулығы – әркімнің баға жетпес, заңмен қорғалатын басты байлығы! Оны темекі шегуге деген, тез тарқап кететін құмарлықпен қатар қоюдың өзі, қылмысқа жақын тірліктер деуге бола-

тын сияқты.

Күнделікті тіршілігіміздегі тамырын тереңге жайып үлгірген жаппай шылымқорлық сияқты жат әдеттен құтылуға, еліміздегі бірден бір ынталы қауым – шылымқорлықтың мәжбүрлі түріне таңылғандар деп есептесек қателеспейтін сияқтымыз. Демек, алдағы уақытта қоғамның осы бөлігінің күшін біріктіріп, өркениетті елдің әрбір мүшесінің азаматтығына сын әлгіндей әдепсіз әдеттен арылудың қажеттілігіне, алдымен солардың көзін жеткізуге күш салуымыз керек. Себебі, буыны қатпаған болашақ пен қауқарсыз қариялардың өзін, мәжбүрленген шылымқорлықтың қанды шеңгелінен қорғаштайтын да адамдардың осы бөлігі екенін сезінуіміз керек, әрине.

Жалпы, қоғамдық орындарда темекі шегушілікке тыйым салатын еліміздің заңдары, бірінші кезекте, темекі шекпейтіндердің денсаулығын қорғайды және адамдардың кәсіпкерлікпен айналысуларына ешқандай зиян да келтірмейді. Бұл - нағыз темекіні тастауға ықпал ететін факторлардың бірі есебінде кеңінен таратуға тұрарлық игілік істер деп қабылдаған жөн. Бүкіл тіршілікті түгелдей жаулап алып, тынысын тарылтып тұрған темекі індетімен күресу үшін ДДҰ-ға мүше мемлекеттер 2003 жылы «Темекіге қарсы күрес жөніндегі ДДҰ негіздемелік конвенциясын» қабылдады. Қазіргі уақытта бұл шартты 182 мемлекет ратификациялаған болса, соның бірі - Қазақстан. Сөйтіп, қазақ елі өз халқының таза ауамен тыныс алуларына құқылы, өркениетті ел болуға ұмтылатындығын әлемдік қауымдастықтың алдында паш етті. Ендігі жерде, бүкіләлемдік мәртебе биігінен көріngіміз келетін болса, тәуелсіз еліміздің әрбір зиялы азаматы, келер ұрпағының еншісіне темекі түтінінен азат елі мен салауатты өмір салтының қанатты қағидаларын бойтұмар етіп тастап кетуге тырысқаны жөн. Сонда ғана аға ұрпақтың болашақ алдындағы борышы ақталмақ!

Жұбан ТІЛЕУБЕРГЕНОВ,
Медицина
ғылымдарының кандидаты,
профессор,
ҚР Денсаулық сақтау
ісінің үздігі,
Ақтөбе қаласы

2023 ЖЫЛҒА БӨЛІНГЕН ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОҚУ ГРАНТЫНЫҢ ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША БӨЛІНІСІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Әлеуметтік көмек өңірге қажетті мамандықтар бойынша жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқитын халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарынан шыққан: жетім балаларға, мүгедектігі бар балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, балалар үйлері мен балалар ауылдарының тәрбиеленушілеріне, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын балаларға, ата-анасының екеуі де жасына байланысты зейнеткер болып табылатын немесе біреуі мүгедектігі бар адам болып табылатын балаларға, құрамында бірге тұратын көмелетке толмаған төрт және одан көп балалары,

оның ішінде көмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көпбалалы, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған, толық емес отбасыларындағы балаларға, егер отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің үш еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда; аз қамтылған отбасылардан

шыққан балаларға отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспаған жағдайда өңірге қажет мамандықтар бойынша күндізгі оқыту нысаны бойынша білім алу үшін төмендегідей мамандықтарға

Атап айтқанда:
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне

- Орыс тілі мен әдебиеті -1,
- Шет тілі екі шетел тілі -1,
- Математика -1,
- Денешынықтыру және спорт – 1,
- Агрономия -1,
- Электр энергетикасы -1,

- Су ресурстары және суды пайдалану -1,

- Х о р е г р а ф и я -1 иегерлерінің тізімі жарияланғаннан кейін, ҰБТ-ден жоғары балл жинап, мемлекеттік грантқа іліге алмай қалған халықтың осал топтарындағы мектепбітіруші балалар «Қазалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023 жылдың 10 тамызынан бастап қабылданады. Мекен жайы: Әйтеке би кенті, Төрешұрат жырау көшесі, №7. тел: (872438) – 26-0-15

«Қазалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ОБЪЯВЛЕНИЕ О ВЫДЕЛЕНИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ГРАНТА АКИМА ОБЛАСТИ ПО КАЗАЛИНСКОМУ РАЙОНУ НА 2023 ГОД

Социальная помощь исходит от востребованным в регионе специальностям, обучающихся на очной форме обучения в высших учебных заведениях для социально уязвимых слоев населения: детям-сиротам, детям с инвалидностью, детям, оставшимся без попечения родителей, воспитанникам детских домов и детских деревень, детям, получающим государственное социальное пособие по случаю потери кормильца, детям, оба родителя которых являются пенсионерами по возрасту или один из которых является инвалидом, четверо и более совместно проживающих несовершеннолетних детей, в том числе дети, обучающиеся

по очной форме обучения в организациях среднего, технического и профессионального, послесреднего, высшего и (или) послевузовского образования после достижения ими совершеннолетия до времени окончания организаций образования (но до достижения двадцатитрехлетнего возраста) многодетных детей, воспитывающих детей с инвалидностью, детям из неполных семей, если среднедушевой доход семьи не превышает трехкратного размера прожиточного минимума, установленного Законом Республики Казахстан О республиканском бюджете на соответствующий финансовый год; в случае, если сред-

недушевой доход семьи на детей из малообеспеченных семей не превышает прожиточного минимума, установленного Законом Республики Казахстан О республиканском бюджете на соответствующий финансовый год, для получения образования по очной форме обучения по специальностям, необходимым для региона, необходимо:

- А именно:
- Кызылординскому государственному университету имени Коркыт ата
- Русский язык и литература -1,
 - Иностранный язык два иностранных языка -1,
 - Математика -1,
 - Физическая культура и

спорт – 1,
- Агрономия -1,
- Электроэнергетика -1,
- Водные ресурсы и водопользование -1,
- Хореография -1
после опубликования списка обладателей грантов, с 10 августа 2023 года в Коммунальном государственном учреждении «Отдел занятости и социальных программ Казалинского района» принимаются документы детей-выпускников школ из уязвимых слоев населения, набравшие высокие баллы по ЕНТ, но не получившие государственный грант. Адрес поселок Айтеке би, улица Торемурата жырау, № 7. тел: (872438) - 26-0-15

АУДАН ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНА

Қате аударылған міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды қайтаруға өтінімді енді онлайн тапсыруға болады.

Ол үшін электрондық үкімет порталында «Әлеуметтік қамсыздандыру» бөліміндегі қызметті таңдап, өтінішті толтырып, ЭЦҚ көмегімен қол қою қажет.

Естеріңізге сала кетейік, бұрын жұмыс берушілер қате төленген әлеуметтік аударымдар мен міндетті зейнетақы жарналарының артық аударылған со-

маларын қайтару үшін Мемлекеттік корпорацияға келіп өтініш жазуға мәжбүр болатын.

Заявку на возврат ошибочных пенсионных и социальных отчислений теперь можно подать онлайн.

Для этого необходимо на портале электронного правительства выбрать услугу в разделе «Социальное обеспечение», заполнить заявление и подписать с помощью ЭЦП.

Напомним, что ранее в случае излишне

уплаченных социальных отчислений и ошибочно зачисленных сумм обязательных пенсионных взносов работодателям приходилось обращаться в Госкорпорацию за возвратом.

**Т.ҚҰЛМҰРАТОВ,
«Азаматтарға арналаған үкімет» мемлекеттік корпорациясы»
КЕ АҚ-ың Қызылорда облысы бойынша филиалының Қазалы аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бойынша бөлімінің басшысы**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор-бас редактор - 2-17-49, директор-бас редактордың орынбасары - 2-47-77, жауапты хатшы және бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru
Таралымы 11097 дана.